

С. Ахметқұл\*

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(E-mail: akmetkulsergazy@g,ail.com)*

## **XIV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың басындағы Моғолстандағы этно-саяси үрдістер: тарихы және мәселелері**

Мақаланың мақсаты — Моғолстанның және оның мұрагері саналатын Шағатай ұлысының этно-саяси дамуының негізгі кезеңдерін талдау. Қазіргі уақытта Моғолстан тарихының әр аспектілерінің зерттелгеніне қарамастан оның саяси-этникалық тарихының жекелеген мәселелері қарастырылмаған. Сонымен қатар мақалада Моғолстан империясына, соның ішінде Шағатай ұлысының саяси-этникалық тарихына қатысты ғылыми еңбектерге талдау жасалған. Автор тарихи деректердің негізінде Моғолстанның құрамына кірген тайпалардың өзара қатынастарына талдау жасауға талпыныс жасайды. Сондай-ақ империялық типтес ұлыстардың құлауынан кейін және оның орнына жаңа мемлекеттердің пайда болуының нәтижесінде қазіргі Орталық Еуразия халықтары үшін негіз болып саналған этникалық бірлестіктер қалыптасты деген қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* Моғолстан, Шағатай, Шағатай ұлысы, тимуридтер, этно-саяси үрдістер, Қазақстан тарихы, орта ғасырлар.

### *Кіріспе*

XIV ғ. ортасында моғол тайпаларының Моғолстан мемлекетін құрғандығы және бұл мемлекеттің құрамына қазіргі Оңтүстік Шығыс Қазақстанның (Жетісу), Қырғызстанның және Шығыс Түркістанның, Ташкент пен Сайрамның территориясының кіргені белгілі. Моғолстан мемлекетінің тарихымен Қазақ хандығының ерте тарихыда тығыз байланысты. Яғни, Шағатай ұлысының, Хайду мемлекетінің және Моғолстанның құрылуы және өмір сүруі қазіргі кезеңдегі Орталық Азия, соның ішінде Қазақстанның түркі тілдес халықтары үшін маңызды объективті тарихи салдарға ие. Себебі, осы түркі тілдес тайпалардың арқасында моңғол тілдес тайпалары түріктендірілді және бұл үрдіс XVI ғасырда аяқталды. Түркі тілдес халықтар мен Шағатай ұлысының, Хайду мемлекетінің және Моғолстанның түріктендірілген халықтары арасында мемлекеттік-саяси, әлеуметтік-экономикалық және этникалық қарым-қатынастардың қарқынды дамуы жүрді. Моғолстан қазақ халқының қалыптасуы барысында маңызды орталықтардың біріне айналды. Осы аталғандарды ескеретін болсақ, қазіргі уақытта отандық тарих ғылымында ортағасырлар кезеңінің жекелеген мәселелерін, соның ішінде XIV ғасырдың ортасы — XVI ғасырдың басындағы Моғолстанда орын алған этно-саяси үрдістерді зерттеудің қажеттілігі жоғары. Себебі, Моғолстан тарихының жекелеген аспектілерінің жан-жақты зерттелгеніне қарамастан, оның этникалық тарихы, рулық-тайпалық құрамы және олардың арасындағы өзара байланыстар жеткіліксіз зерттелген тақырыптардың бірі саналады. Осы есептен, қазіргі уақытта XIV ғасырдың ортасы — XVI ғасырдың басындағы Моғолстандағы этно-саяси үрдістердің тарихы мен мәселелерін зерттеудің ғылыми маңыздылығы бар. Себебі, бұл мәселені зерттеу біріншіден, Моғолстан билеушілерінің Орталық Азияға қатысты жүргізген саясатындағы ерекшеліктерді анықтауға, осы кезде орын алған саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістердің сипатын айқындауға, екіншіден, Моғолстан мен Орталық Азия арасындағы өзара байланыстардың сипатын, Моғолстанның тарихтағы рөлін белгілеуге мүмкіндік береді.

### *Зерттеу әдістері*

Мақаланың әдіснамалық негізін объективтілік және историзм принциптері, жүйелеу тәсілдері құрады. Тақырыпты зерттеу барысында тарихи зерттеудің арнайы әдістері, атап айтқанда биографиялық, хронологиялық, тарихи-салыстыру, ретроспективтік және сипаттау әдістері қолданылды. Бұл әдістер Моғолстан мемлекетінің құрылуын және ондағы орын алған саяси-этникалық үрдістерді зерттеу барысында кеңінен пайдаланылды.

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [akmetkulsergazy@g,ail.com](mailto:akmetkulsergazy@g,ail.com)

*Материалдар*

Өзімізге белгілі, Шағатай ұлысының, Хайду мемлекетінің және Моғолстанның құрылуы кезеңінен бастап құлауына дейінгі тарихы В.В. Бартольдтың және К.А. Пищулинаның еңбектерінде арнайы қарастырылған. В.В. Бартольдтың «Очерки истории Семиречья» [1] аталатын еңбегінің «Монголы до распада чагатайского государства» және «Могулистан» деп аталатын тарауларында Шағатай ұлысының әскери-саяси өмірінің негізгі оқиғалары қарастырылған.

К.А. Пищулинаның монографиясы XIV ғ. II жартысы — XV ғасырдағы Моғолстанның орталық территориясы болып есептелген және түркі-моңғол тайпаларының негізгі мекендеген жері саналатын Оңтүстік Шығыс Қазақстанның тарихын зерттеуге арналған [2]. К.А. Пищулинаның зерттеу жұмысының маңыздылығы — ол Мұхамед Хайдардың және тимуридтық тарихнаманың негізінде Моғолстанның құрылуы кезеңінен бастап 1508 ж. Махмұд ханның өліміне дейінгі Оңтүстік Шығыс Қазақстанның саяси және әскери тарихын қарастырады. Осымен бірге монографияда Моғолстан билеушілерінің Мауренахрға және т.б. мемлекеттерге жасаған жорықтары жөнінде көптеген мәліметтер келтірілген, Темір мен Тимуридтердің Моғолстанға жасаған жорықтарының сәтсіздікке ұшырау сипаты ашып көрсетілген. Автор Темірдің жорықтары бастапқы кезінен бастап қорғаныс сипатында емес жаулап алушылық сипатқа ие болғандығын дәлелдейді. Моғолстанның саяси тарихын зерттей келе, К.А. Пищулина Моғолстандағы қазақ тайпаларының Оңтүстік және Орталық Қазақстан (Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы) халқымен сыртқы саяси және шаруашылық саласындағы тығыз байланыстарын дәлелдеп, зерттеген.

Хайду бірлестігінің тарихы және Моғолстан мемлекеті тарихының жекелеген мәселелері К.И. Петровтің еңбегінде қарастырылған [3]. В.А. Ахмедовтің мақаласында Әбілхайыр, Есенбұға және Жүніс хан тұстарындағы көшпелі қазақтардың Моғолстанмен қатынастары жөніндегі парсы авторларының мәліметтеріне талдау жасалған [4]. В.П. Юдиннің мақаласында Моғолстандағы отызға жуық этникалық атау берілген және бұл этностардың қайсысының кейін келе қазақтар мен қырғыздардың құрамына енгені жөніндегі шығыс авторларының мәліметтері келтірілген. Мақалада Шағатай Ұлысының ыдырауы мен Тоғлық Темірдің таққа отыруын жалпылама ғана атап өтеді. Онда «Көптеген зерттеушілер Шағатай Ұлысының ыдырауы мен Моғолстанда Тоғлық Темірдің таққа отыруы кезеңіне моғол этникалық бірлігінің құрылуы сияқты маңызды оқиғаны да жатқызады. Яғни, этностың қалыптасуы бір мезеттік емес, айтарлықтай ұзақ үдеріс болғандықтан, моғол этносының пайда болуын Шағатай Ұлысының ыдырауы немесе Тоғлық Темірді хан сайлаудың формалды күнімен орайластыру қате болып саналады», «Моғолстанның Мауренахрдан бөлінуі мен Тоғлық Темірдің таққа отыруы тек саяси тарих тұрғысынан сол кезде қалыптасқан және орын алып жатқан этникалық реалияларды — моғол этносы мен шағатайлар этносын анығырақ көрсете алды», — деген жолдар ғана ұсынылған [5].

Әрине, өзімізге белгілі XIV ғ. — XVI ғ. бірінші жартысындағы Моғолстан тарихы бойынша негізгі деректердің бірі — Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегі саналады. Мұнда түрік тайпалары мен рулары, соның ішінде қазақтар мен қырғыздар жөнінде құнды мәліметтер бар және оның бірінші бөлімінде Моғолстанның Тоғлық Темір кезеңінен бастап Абд-ар Рашидке дейінгі хандарының тарихы баяндалған. Бұл шығармада бірнеше елдің, ұлыстың, этностардың, оның ішінде қазақ халқының тарихы туралы құнды деректер кездеседі. Осымен бірге, Орталық Азияны мекендеген көптеген түрік-моңғол тайпаларының шежіресі мен салт-дәстүрі қамтылған [6].

Бұқара тарихшысы Хафиз-и Таныштың Мауренахрдың билеушісі II-ші Абдаллахқа арналған «Шараф-нама шахи» деп аталатын еңбегінде XVI ғ. II жартысындағы Орталық Азиядағы саяси оқиғалар сипатталған және Тоғлық Темірден бастаған Моғолстанның билеушілері жөнінде мәліметтер бар [7].

*Мәселені талқылау*

Моғолстан Шығыс ханның ұлы Шағатай ұрпағы мемлекеті ыдырағаннан кейін пайда болды. XIV ғасырдың орта шенінде Шағатай мемлекеті батыс және шығыс бөліктерге бөлініп кетті. Шығыс аймағы Моғолстан атанып, хан тағына Тоғлық Темір отырды. Саяси өмірдегі басты рөлді дулат тайпасының көсемдері атқара бастады. Өйткені XIV ғасырдың орта кезінде дулаттар Жетісудағы ең ірі түркі тайпаларының бірі болды. «Шағатай хан өз мемлекетін бөлгенде, ол Әмір Полатшының атасы Өртөбеге Маңлай Сүбені берді... Оның шығыс шекарасы — Құсан мен Тарбүкір; батыс шекарасы — Шаш, Ғаз бен Жакишман, оның соңғысы Ферғана уәлайатында орналасқан; солтүстік

шекарасы — Ыстықкөл, ал оңтүстігінде Жарқан мен Сарыұйғыр. Әмір Полатшы билеген осы аталған бүкіл аумақ Маңлай Сүбе аталды. Сол уақытта бұл елде бірнеше қалалар болды. Олардың ішіндегі ең үлкендері: Қашғар, Қотан, Жаркент, Қашан, Ақшыкент, Әндіжан, Ақсу, Атбасы, Құсан. Осы қалалардың ішінен әмір Полатшы Ақсуды өзінің ордасы етіп таңдап алды» [8].

Моғолстан деп аталған жаңа мемлекет осылайша қалыптасып, ол Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде ұлан-байтақ жерді алып жатты. Мемлекеттің шекарасы Мырза Мұхаммед Хайдардың еңбегі бойынша мынадай болды: «...қазіргі Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығымен көлденеңі жеті-сегіз айшылық жол. Шығыс шеті қалмақтардың жерімен шектеседі және Барыскөл, Емел және Ертісті өзіне қосады. Солтүстігінде оның шекарасы Көкшетеніз, Түркістанмен және Ташкентпен шектеседі; оңтүстігінде Ферғана уәлайатымен, Қашғар, Ақсу, Шалыш және Турфанмен шектеседі. Осылайша Қазақстанның Оңтүстік-Шығысы мен Қырғызстан Моғолстан аумағының негізін құрады. Моғолдар мемлекетінің аумағы туралы Мұхаммед Хайдар Дулати тағы да былай деп жазған: «Моғолстанда көлемі жағынан Жейхунға тең көптеген ірі өзендер бар, олардың ішінде Іле, Ертіс, Емел, Шұлық және Нарын бар. Бұл өзендер Сейхуннан еш кем емес. Осы өзендердің басым көпшілігі Моғолстан мен Өзбекстан арасына орналасқан және оларды бөліп тұрған Көкшетеніз көліне құяды» [6].

Орта ғасырдағы Шығыс Түркістанның авторлары айтуы бойынша қазіргі Қырғызстан және Іле ауданы кіреді. Мысалы: Заин ад-Дин Васифи Қырғызстан территориясы Ыстықкөлді қоса алғанда Қазақстан территориясына кірген. Онда Шу және Талас өзендері де елдерді біріктірген қазақ хандығы құрылған деп көрсетілді. Бұл территория XVI ғ. дейін Моғолстан территориясына кіргізілді. Акимускиннің де өз мақаласында Моғолстан территориясы М.Х. Дулати бойынша сәйкес келеді. Сырдария, Сарысу, Балқаш, Ертіс және Орталық Тянь-Шаньның оңтүстік бөлігі. Моғолстан батыс-шығыс және оңтүстік-солтүстік жерлері жеті-сегіз айшылық жол болып табылады [5; 53].

Орталық Азия аймағын мекен еткен түркі-моңғол тайпаларының саны жетерлік. Олардың кейбірі уақыт өте келе өз тегін жоғалтып немесе басқа бір рудың құрамына еніп кеткен. Мәселен арканут, барқы, барлас, бахрин (барин), бекжак (бекчик), бұлғашы, бұлдай, духтуй, итаршы (итаржы), калучи, курлакут, сулдуз, макрит (меркіт), тангут, ұрдубегі, шорас, маңғұт, құнжы, чагирак, шігіл, т.б. [10, 85]. «Тарихи-и Рашиди» шығармасында XV–XVI ғасырларда орын алған шайқастарда әмірлерден бөлек, моғол тайпаларының әр қауымдарының ішінде ақыл-кеңесін тыңдап ден қоятын адамдардың аз еместігін атап көрсетеді [6, 414].

Моғолстан тайпаларының түркілер болғандығы және түркі тілінде сөйлегендерін дәлелдейтін деректер біршама. Оларда айтылған ойлар моғолдардың түркі тілдес тайпа екендіктері туралы пікірлерді орнықтыра түседі. Сондай көзқарастардың негізінде В.П. Юдин моғолдарды түркі тілдес тайпалар деп санап, өз пайымдауын былайша жеткізген: «Как нам представляется, тюркоязычность могулов-явление не позднее, а древнее. Что касается того на каком тюркском языке говорили могулы, то нам представляется, что они говорили на тюркском языке кипчакского типа, близком к казахскому и киргизскому языкам. Вероятно этот язык обладал сближающим с алтайским языком. Только такие качества языка могулов могут объяснить близость языков казахов и киргизов, киргизов и алтайцев» [5].

Орта ғасырлық тарихи шығармаларында Моғолстан жергілікті түркі және түркіленген монғол тайпаларының мемлекеттік-саяси бірлестігі түрінде көрсетілген. Деректерде моғолдарға түркі және монғол атаулары бар ірі дулат, қаңлы, керей, аргинут, баарин, арлад, барлас, бұлғашы тәрізді тайпалар аталады. Керей — бұл тайпаны Тоғлық Темір мауренахрды жаулап алуға жіберген тайпалардың бірі. Бұл тайпа Әмір Темірмен Алматы ауданында шайқасты. Монғолдың Ұлықбек қарсы жорығында Ионга–Тараз аймағында керейіт қолбасшысының бірі Тоқтемірдің баласы Ибрахим ұсталған. Керейіт туралы моғол деректерінде бұдан басқа мәлімет айтылмаған. Қаңлы — оларда Мауренахрға жіберілген үш аймақтың бірі. Тайпаның басында Бекчик тұрды. Бұл саудагер Әміт Болатшыға ханды алғаш Ақсуға әкеле жатқанда көмектескен. Тоғлық Темір қайтыс болғаннан кейін қаңлы тайпасы деректерде айтылмайды. Олар кейінірек Бекчик деп аталатын болған. Дулаттар — моғолдардың саяси өмірінде негізгі рөлді атқарды. Барлас – мауренахрдағы Шағатай әулетінің негізгі тайпаларының бірі. Мырза Хайдар барластарды тайпаның бір бөлігі ретінде көрсетеді. Осыған қарағанда моғолдардың территориясының бір бөлігін мекендеген. Арлат — моғолстанның ең негізгі тайпаларының бірі.

Дохтуй — Тоғлық Темірге дейін моғолстанның құрамына кірген. Бұл тайпа жөнінде: «Бұл рудың басшысы әмір Дайым Әлі болатын. Ол дохтуй әмірлерінің ішінде батыры да абыройлысы саналатын,

бұдан былай әр жерде оның аты аталып отыратын болады» деп, бұл ру мен барлас тайпасы арасында үнемі билік үшін талас тартыстың болып тұратындығын жазған [9]. Белгілі шығыстанушы ғалым В.П. Юдин бұл жөнінде былай дейді: «Между дохтуями и барласами шли споры относительно первенства на войне и охоте. Спор был решен Эмир Джаб- бар — Берди доглатом в пользу духтуев» [5]. Дохтуларды Моғолстан мен Моңғолиядағы негізгі тайпалардың бірі дей келе, Тоғылық Темірге дейін моңғолдар тайпасының құрамында болған деп жазады. Сонымен қатар бұл тайпа Сұлтан Сайид ханның Қашғарияға жасаған жорығы кезінде әскер құрамында болған.

Шорас тайпасы: «Олардың басшысы Мөңке бек болатын. Батырлық көрсетуде туыстары арасында теңдісі жоқ еді. Оның жүзден астам адамы бар еді. Оның бауыры Баба Сарық мырзаның тобы Мөңке бектен азырақ болатын. Оның бауыры Шаһбаз мырза істерді жүргізуде ағасынан кем түспейтін». Бұл тайпаның әмірлері Тоғылық Темірмен исламды қабылдау жөнінде келісе алмаған. Уәйіс хан дүние салған соң, Есен Бұғаны мойындамай, ойраттарға Амасаншы тайшыға кетіп қалады. Кейіннен Сұлтан Ахмед (Алаша хан) хан билікке келгеннен кейін ғана моғолстан хандарының билігін мойындаған [10, 75]. Курлаут тайпасы Тоғылық Темір тұсында болған. Бұл тайпаны В.П. Юдин Дешті Қыпшақ жеріндегі белгілі курлаут тайпасымен бір деп санауға болатынын, қазақтар құрамындағы қыпшақ руынан және күрлеут-қыпшақ Торғай даласында мекендегенін жазған [5]. Ал «Тарих-и Рашиди» шығармасында курлаут тайпасының әмірі жөнінде мағлұмат берген: «Жете әмірлерінің ішінде курлаут (кулкут) руынан шыққан әмір Хамид ақыл парасаты мол, абыройы да ерекше бір адам еді» дейді [6]. Ал белгілі шығыстанушы В.В. Бартольд былай дейді: «Моголы с презрением называли чагатаев людьми смешанного происхождения, метисами (караунас); с другой стороны, чагатаи, как представители традиций среднеазиатской монгольской государственности, называли моголов разбойниками (джете)» [1].

Қыпшақ тайпасы жөнінде «Тарих-и Рашидиде» «Әлемнің жаны және шайқастың жүрегі болған хазірет Сахибқыран сол қанатта жеңімпаз туының жарты ай секілденген ұшын жерге қарай үш рет иді де, әмір Сары-Бұғаға өзінің қыпшақ тобымен осы белгіленген жерде тұруын бұйырды» яғни, бұл «Балшық соғысы» Жете мен Сахибқыран арасындағы соғыс жайында болған әңгімеде айтылады. Сондай-ақ, Сахибқыранның Моғолстанға, яғни Жетеге жіберген қыпшақ пен жалайыр әмірлері Сарыбұға мен Әділшаһтың Сахибқыранды жарты жолда сатып кететіні туралы да баяндаған [6]. Ал Я.В. Пилипчуктың «Монгольское завоевание кочевий восточных кипчаков» атты мақаласында моңғол шапқыншылығы тұсында көптеген қыпшақтар моңғолдардың қызметінде болғаны және 1224 жылы Сүбедей Шығыс Еуропадан оралған соң, ержүрек тайпалардан, яғни меркіт, найман, керейт, қанлы және қыпшақтардан әскер құрғанын жазады [10; 271].

Соңғы кездері жаңа ғылыми зерттеу орталықтары құрылып, Моғолстан мемлекетінің тарихын, ондағы этникалық құрамын, соның ішінде жалайыр тайпасының рөлін ерекше атап көрсетуде. Олардың пікірінше, моғолстандық жалайырларды шағатайлықтардың ұрпағы деп санауға болмайды. Балғалы және қайшылы тайпалары нағыз шағатайлық қандас жалайырлар, өйткені, Зеравшан ойпатындағы Қаттықорған уезіндегі жалайырлар осы руларға бөлінеді. Осыған қарағанда жалайыр тайпалары Әбілқайыр хандығында да, Моғолстанда да ру-тайпалардың құрамында болған. Жалайырлардың күшік және арық-тыным тайпаларының қара қырғыздан таралуы жайында пікір бар. Бұл пікір күшік және арық тегінің ежелгі қара қырғыздарға жататындығымен дәлелденді [11].

Н.А. Аристовтің пайымдауы бойынша жалайыр тайпаларының арасында дулат, албан рулары кездеседі [12]. Андас руының ішінде қара қырғыздар да бар. Зерттеушінің пікірін қолдай отырып, Моғолстанның этникалық құрылымында жалайыр тайпаларының орын алғандығына тағы да көз жеткіземіз. Ал күшік, арық тыным, андас тайпаларының қара қырғыздармен этникалық байланысын олардың біртұтас мемлекеттің, яғни Моғолстан хандығының құрамында болған деп атап көрсетуге негіз бар. Өйткені Моғолстан хандығының аумағы Ыстықкөлге, Жарқан мен Сарыұйғырға дейін, яғни қазіргі Қырғызстан жерлерін қамтығандығы тарихи деректерден белгілі.

Осылайша XV ғасырдың алғашқы ширегінде Оңтүстік Шығыс Қазақстан феодалдық қырқысулар мен көрші елдердің жаулап алу аймағына айналды. Саяси билік үшін күрес және батысында Темір әулетінің, шығысында ойраттардың Моғолстан жерлеріне басып кіруі мемлекеттің тұрақтылығына кері әсерін тигізді. Ондаған жылдарға созылған феодалдық қырқысулар мемлекетті әлсіретіп, шаруашылығын құлдыратып, сауда байланыстары мен егіншілікті жүйелі түрде жүргізуге кедергі келтірді. Феодалдық тартыстар мен бытыраңқылықтар, келеңсіз сыртқы жағдай, жаулап алушылардың жиі басып кіруі мемлекеттің біртұтастығын сақтауға мүмкіндік бермеді. Осылардың барлығы тұрғындардың этникалық жағынан бірігуіне кедергі келтірді, халықтың этникалық

консолидациясының сабақтастығы үзілді. Дегенмен ру-тайпалар тектілерінің экономикалық және саяси күш-қуаты артты.

Моғолстан этникалық бірігу жағынан Шығыс Түркістандағы бірнеше этносаяси бірлестіктердің болашақ қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарын топтастырды. Мұны өзі осы этникалық топтардың дамуын қиындатты. Тарихи деректер бойынша Моғолстан тұрғындары жалпылама моғолдар деген атаумен белгілі болды. Осы атаудың ішіне Жетісу мен Тянь-Шаньның барлық түркі тілдес және түркіленген тайпалары кірді. Деректер мен зерттеулерде моғол этнонимы туралы әр түрлі пікірлер айтылып, оның мәнін моңғолдармен шатастырмау керектігі ескертілген. Моғол этнонимі жайында дәйекті көзқарас танытқандардың бірі В.П. Юдин. Ол бұл туралы «Этноним могул на территорию Семиречья принес-ли монголы, выделенные в улус Чагатаю и Угедейю. Однако их было немного, и судьба их была ана-логично судьбе монголов в Дашт-и Кипчаке: они быстро были ассимилированы тюрко-язычными племенами. Закреплению этнонима могул, видимо, способствовало стремление могулских феодалов на первых порах сохранить кочевые традиции, эталоном которых был кочевой быт монголов, и по-черкнуть преемственность власти ханов — чагатаидов» [5] деп атап көрсетеді.

Жалпы алғанда, Моғолстанның саяси тарихында феодалдық соғыстар мен ішкі қырқыс, көрші мемлекеттер тарапынан жасаған шапқыншылықтарды тойтару жағы өте көп болған. Тоғылық Темір 1361 жылы Мәуераннахрды түгел басып алып, баласы Ілияс Қожаны билеуші етіп қойды. Кейін ол әкесінің орнына 1362–1385 жылдары Моғолстанның билеушісі болды. Оның тұсында өзара қырқысу соғыстары басталып, Моғолстан бірнеше бөлікке бөлінді: Дулат әмірі Қамар ад-Дин — Жетісуды, Енке төре — Іле мен Тарбағатайды биледі. Осыны пайдаланған Әмір Темір XIV ғасырдың 70–80-жылдары Моғолстанға оншақты рет шапқыншылықтар жасайды. Қызыр Қожа хан (1385–1399 жж.) өзін Темірдің вассалы деп мойындайды. Қызыр Қожаның ұлы Мұхаммед хан тұсында (1408–1418) елдің жағдайы біраз нығайды. Оның кезінде Моғолстанның Темір тұқымынан тәуелсіз болуға қолы жетеді. Біраз уақыт өзара қырқыс пен талас-тартыс толастайды. Мемлекетті бір орталыққа бағындыру үшін Мұхаммед хан исламды енгізуге күш салады. Осыған қоса, XV ғ. I жартысында Моғолстанға ойраттар шапқыншылығы жиіледі. Уайс хан (1418–1428) ойраттарға батыл қарсылық көрсетті, олармен ұзақ соғыс жүргізді. Ол өз ордасын Тұрфаннан Ілебалық деген жерге көшіруге мәжбүр болады. Уайстың баласы Есен Бұға хан (1433–1462) XV ғасырдың 30-жылдарының басында өкімет билігін иеленді. Ал XV ғасырдың 50-жылдарының аяғында Батыс Моғолстанға Жәнібек пен Керей бастаған тайпалар көшіп келді. Моғолстан ханы Есен Бұға оларға жер бөліп берді. Мұндағы Есен Бұғаның мақсаты: қазақтарды ойраттарға және Темір әулетіне қарсы әскери күш ретінде пайдалану; қарсыласы Әбілқайыр мен інісі Жүніске қарсы қою болды.

Жүніс хан тұсында (1462–1487) мемлекет жағдайы біраз нығаяды, бірақ ол 1472 ж. Жетісуға шабуыл жасаған ойраттардан жеңіліп қалады. Жүнісханның баласы сұлтан Махмұт хан (1487–1508) Жетісуда және Сырдария қалалары үшін қазақ хандарымен соғысады. Моғолстан билеушілерінің ең соңғысы Жүніс ханның немересі Сейітхан 1514 ж. Қашғарияны басып алып, Шығыс Түркістанда Моғолия атты жаңа мемлекет құрады. Одан кейін Жетісудағы қазақ рулары мен тайпалары Қазақ хандығының құрамына енеді. XVI ғ. басында феодалдық өзара қырқыстар, халық наразылығының жиілеуі және олардың Қазақ хандығына барып қосылуы салдарынан Моғолстан ыдырап, жеке мемлекет болып өмір сүруін тоқтатты. Моғолстан Қазақ хандығының құрылуына және қазақтың өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысын аяқтауына аумақтық тірек, саяси-экономикалық негіз болды [13].

#### *Қорытынды*

Моғол этнонимі тарихшылардың пікірінше өзінің пайда болуы жағынан «моңғол» сөзімен байланысты. Тарихи әдебиеттерде моғолдар деп XIII–XVII ғғ. Шағатай Ұлысының шығыс бөлігінде өмір сүрген түркі тілдес тайпалар аталған. Бұл тайпалардың бір бөлігі бұл жерге моңғол жаулап алу соғыстары кезінде келсе, екінші бір бөлігі ежелгі автохонды халық болып табылды.

Моғолдардың этно-саяси қауымдастығы халықтық сипатқа ие болмады және кейін келе моғол тайпалары түркі тілдес халықтардың (қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар, өзбектер) қалыптасуына қатысты. Бірқатар моғол тайпалары (дуглат/дулат, канглы/қанлы, абдан/албан, суван/суан, керейт/керей) қазақ этносының құрамына енді және оның бірден-бір айтарлықтай этникалық компоненттерін құрады.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің қаржылай қолдауы негізінде жазылды (Грант BR18574101 «Араб, моңғол, парсы, қытай және түркі түпдеректері бойынша Шағатай, Хайду ұлыстары және Моголстанның этносаияси тарихы»).*

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья / В.В. Бартольд. — Фрунзе: Киргизгосиздат, 1943. — 104 с.
- 2 Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV–начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории) / К.А. Пищулина. — Алма-Ата: Изд-во «Наука» КазССР, 1977. — 288 с.
- 3 Петров К.И. К истории движений киргизов на Тянь-Шань и их взаимоотношения с ойратами / К.И. Петров. — Фрунзе, 1961.
- 4 Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XV-XVII вв. / Б.А. Ахмедов. — Ташкент, 1985.
- 5 Юдин В.П. О родоплеменном составе моголов Моголистана и Моголии и их этнических связях с казахами и другими соседними народами / В.П. Юдин // Известия АН КазССР. — 1965. — № 3.
- 6 Мухаммед Хайдар Дулати. «Тарих-и Рашиди». Пер. с перс. яз. А.У. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. — 2-е изд. доп. — Алматы, 1999. — 656 с.
- 7 Хафиз-и Таныш Бухари. Шараф-аме-йи шахи // Пер. М.А. Салахметдиновой. — М., 1983.
- 8 Бартольд В.В. Определение «Анонима Искандера» / В.В. Бартольд. — М., 1973. — 503 с.
- 9 «Тарих-и Рашиди» шығармасындағы ортаазиялық этностар [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://halqym.kz/tarihi/11897-tarih-i-rashidi-shyarmasynday-ortaazyaly-ethnostar.html>.
- 10 Пилипчук Я.В. Монгольское завоевание кочевий восточных кыпчаков / Я.В. Пилипчук. — М.: Восточная литература, 2011. — С. 259–288.
- 11 Моголстан халқының этникалық құрамы [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://stud.baribar.kz/26079/mogholstan-khalqynynh-etnikalyq-quramy/>.
- 12 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности / Н.А. Аристов // Живая старина. — Год 6. — Вып. III–IV. — СПб., 1896. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://www.academia.edu/36495167>
- 13 Саяси тарих [Электрондық ресурс] — Қолжетімділік тәртібі: <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8651>

С. Ахметқұл

### **Этнополитические процессы в Моголустане в середине XIV–начале XVI вв.: история и проблемы**

Цель статьи — проанализировать основные этапы этнополитического развития Моголустана и его наследника — Улуса Чагатай. На современном этапе, несмотря на изучение различных аспектов истории Моголустана, в том числе Улуса Чагатай, отдельные проблемы этнополитической истории до сих пор являются недостаточно разработанными. Автором дан краткий обзор научных трудов по этнополитической истории Моголустана и Улуса Чагатай. На основе анализа исторических источников предпринята попытка анализа взаимоотношения отдельных племен, вошедших в состав Моголустана. Автор делает выводы, что после распада чингизидских улусов имперского типа и появления новых государств можно говорить о складывании этнических образований, послуживших основой для современных народов Центральной Евразии.

*Ключевые слова:* Моголустан, Чагатай, Улус Чагатай, тимуриды, этнополитические процессы, история Казахстана, средние века.

S. Akhmetkul

### **Ethno-political processes in Mogolustan in the mid-14th – early 16th centuries: history and problems**

The purpose of the article is to analyze the main stages of the ethno-political development of Mogolustan and its successor Ulus Chagatai. At the present stage, despite the study of various aspects of the history of Mogolustan, including the Chagatai Ulus, certain problems of ethno-political history are still insufficiently

developed. The article provides a brief overview of scientific works on the ethno-political history of Mogolustan and the Chagatai Ulus. The author, based on the analysis of historical sources, tries to analyze the relationships between individual tribes that were part of Mogolustan. The author concludes that after the collapse of the Chingizid uluses of the imperial type and the emergence of new states, we can talk about the formation of ethnic formations that served as the basis for the modern peoples of Central Eurasia.

*Keywords:* Mogolustan, Chagatai, Chagatai Ulus, Timurids, ethno-political processes, history of Kazakhstan, Middle Ages.

## References

- 1 Bartold, V.V. (1943). *Ocherk istorii Semirechia [Essay on the history of Semirechye]*. Frunze: Kirgizgosizdat [in Russian].
- 2 Pishchulina, K.A. (1977). *Yugo-Vostochnyi Kazakhstan v seredine XIV–nachale XVI vekov (voprosy politicheskoi i sotsialno-ekonomicheskoi istorii) [South-East Kazakhstan in the middle of the XIV–beginning of the XVI century (questions of political, social-economic history)]*. Alma-Ata: Izdatelstvo «Nauka» Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 3 Petrov, K.I. (1961). *K istorii dvizhenii kirgizov na Tian-Shan i ikh vzaimootnosheniia s oiratami [On the history of the Kyrgyz movements in the Tien-Shan and their relationship with the Oirats]*. Frunze [in Russian].
- 4 Akhmedov, B.A. (1985). *Istoriko-geograficheskaia literatura Srednei Azii XV-XVII vv. [Historical and geographical literature of Central Asia XV-XVII centuries]*. Tashkent [in Russian].
- 5 Yudin, V.P. (1965). O rodoplemennom sostave mogulov Mogulistana i Mogulii i ikh etnicheskikh svyazakh s kazakhami i drugimi sosednimi narodami [The tribal composition of the Moguls of Mogulistan and the Moguls and their ethnic ties with the Kazakhs and other neighboring nations]. *Izvestiia Akademii nauk Kazakhskoi SSR — Proceedings of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR*, 3 [in Russian].
- 6 Mukhammed Khaidar Dulati (1999). «*Tarikh-i Rashidi*» [Tarikh-i Rashidi]. Urunbayeva A.U., Dzhaliloba R.P., Epifanova L.M. (Trans). Almaty [in Kazakh].
- 7 Khafiz-i Tanysh Bukhari (1983). *Sharaf-ame-ii shakhi [Sharaf-ame-ii shahi]*. M.A. Salakhmetdinova (Trans). Moscow [in Russian].
- 8 Bartold, V.V. (1973). *Opredelenie «Anonima Iskandera» [Definition of “Anonymous Iskander”]*. Moscow [in Russian].
- 9 «*Tarikh-i Rashidi*» shygarmasyndagy ortaaziialyq etnostar [Central Asian ethnic groups in “Tarih-i Rashidi”]. Retrieved from <https://halqym.kz/tarihi/11897-tarih-i-rashidi-shygarmasynday-ortaaziialyq-etnostar.html> [in Kazakh].
- 10 Pilipchuk, Ya.V. (2011). *Mongolskoe zavoevanie kochevii vostochnykh kypchakov [Mongolian conquest of nomadic eastern Kipchaks]*. Moscow: Vostochnaia literatura [in Russian].
- 11 *Mogolstan khalkynyn etnikalyq quramy [Ethnic composition of the people of Mogolstan]*. Retrieved from <https://stud.baribar.kz/26079/mogolstan-khalqynynh-etnikalyq-quramy/> [in Kazakh].
- 12 Aristov, N.A. (1896). *Zametki ob etnicheskom sostave tiurkskikh plemen i narodnostei i svedeniia ob ikh chislennosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information on their numbers]*. Retrieved from <https://www.academia.edu/36495167> [in Russian].
- 13 *Saiasi tarikh [Political history]*. Retrieved from <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8651> [in Kazakh].